



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Сәуір

2022 жылғы сәуірде жылдық инфляция 13,2% құрады (наурызда – 12,0%). Азық – түлік тауарларының бағасы бір жылда 17,9% – ға (наурызда – 15,4%), азық – түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы – 11,1% - ға (наурызда-10,9%), ақылы қызметтер бағасы - 8,9% - ға (наурызда-8,3%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция барлық 17 өңірде жеделдеді. Ең көп жеделдеу Түркістан облысында тіркелді (наурызда 12,9% - дан сәуірде 15,5% - ға дейін). Нәтижесінде, жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Түркістан облысында тіркелді.

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция сергіні (2021 сәуір – 2022 сәуір), %-нбен

Түркістан	7,2 	Қазақстан Республикасы	7,0 
Нұр-Сұлтан қ.	6,1 	Солтүстік Қазақстан	7,1 
Маңғыстау	7,9 	Қостанай	7,0 
Ақмола	7,3 	Шымкент қ.	7,0 
Шығыс Қазақстан	7,6 	Павлодар	6,9 
Ақтөбе	8,0 	Алматы	7,0 
Қарағанды	7,2 	Қызылорда	6,9 
Алматы қ.	6,4 	Батыс Қазақстан	7,0 
Жамбыл	6,9 	Атырау	7,5 

Дереккөзі: ҚР СЖРАҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарлары Түркістан (21,3%), Ақтөбе (19,8%), Маңғыстау (19,6%), Ақмола және Жамбыл (18,9% - дан) облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (18,4%) және Солтүстік Қазақстан облысында (18,2%) ел бойынша деңгейден жоғары (17,9%, ж/ж) қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (11,1%, ж/ж) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (12,4% - дан), сондай-ақ Ақмола (12,3%), Атырау (12,0%), Ақтөбе және Қарағанды облыстарында (11,5% - дан).

Елімізде **ақылы қызметтердің** бағасы 8,9%-ға, ж/ж өсті, бұл ретте өсім Шығыс Қазақстан (10,8%), Түркістан (10,3%), Қарағанды (9,9%) облыстарында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы және Нұр-Сұлтан қаласында (9,8% - дан), Алматы және Маңғыстау облыстарында (9,1% - дан) жалпы республикалық деңгейден едәуір жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	17,9	11,1	8,9
Ақмола	18,9	12,3	8,3
Ақтөбе	19,8	11,5	6,6
Алматы	16,2	10,4	9,1
Атырау	15,6	12,0	6,9
Батыс Қазақстан	15,1	10,4	9,8
Жамбыл	18,9	9,9	8,4
Қарағанды	17,6	11,5	9,9
Қостанай	17,4	10,6	8,0
Қызылорда	16,4	11,1	8,0
Маңғыстау	19,6	10,7	9,1
Павлодар	17,1	10,6	8,0
Солтүстік Қазақстан	18,2	10,0	7,6
Түркістан	21,3	12,4	10,3
Шығыс Қазақстан	16,8	12,4	10,8
Нұр-Сұлтан қ.	17,9	12,4	9,8
Алматы қ.	18,4	10,6	8,5
Шымкент қ.	17,7	9,2	8,6

Дереккөзі: ҚР СЖРАҰСБ

2022 жылғы сәуірде елімізде айлық инфляция 2,0% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) сәуірдегі инфляцияның орташа мәнінен жоғары. 2022 жылғы сәуірде баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары барлық 17 өңірде өсті. Айлық инфляцияның өсу қарқынының ең көп үдеуі Түркістан облысында (3,0%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы сәуірдегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы сәуірдің орташа мәні	Сәуір 2022	Өңірлер	5 жылдағы сәуірдің орташа мәні	Сәуір 2022
Қазақстан Республикасы	0,6	2,0	Қызылорда	0,7	2,0
Түркістан	0,5	3,0	Батыс Қазақстан	0,5	1,9
Маңғыстау	0,7	2,9	Павлодар	0,5	1,9
Шығыс Қазақстан	0,5	2,6	Алматы қ.	0,7	1,7
Нұр-Сұлтан қ.	0,7	2,5	Солтүстік Қазақстан	0,6	1,6
Атырау	0,7	2,1	Алматы	0,6	1,5
Қарағанды	0,8	2,1	Қостанай	0,7	1,5
Ақмола	0,6	2,0	Ақтөбе	0,4	1,3
Жамбыл	0,6	2,0	Шымкент қ. ¹	0,9	1,2

Дереккөзі: ҚР СЖРАҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)